**"Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 шілдедегі № 776 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына ( Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 3, 36-құжат; № 38, 405-құжат; № 43, 481-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат; № 33, 309-құжат; 2010 ж., № 45, 402-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссияның құрамы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізу ережелерінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конкурстың жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) шешімі негізінде лауреаттар атақтары жыл сайын мынадай:

1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі;

2) ірі кәсіпкерлік субъектісі санаттары бойынша беріледі.»;

3) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссия

туралы ережеде:
1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Комиссияның лауазымдық құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.».
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

Қазақстан Республикасы Президентінің
2011 жылғы «__» ________
№ __ Жарлығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің
2008 жылғы 23 қаңтардағы
№ 523 Жарлығына
қосымша

**Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссияның ҚҰРАМЫ**

Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы – төраға
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі – төрағаның орынбасары
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің директоры – комиссия хатшысы
Комиссия мүшелері:
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі
Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі
Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі
Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы (келісім бойынша)

«Атамекен» одағы» ұлттық экономикалық палатасының төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстанның тауар өндірушілері мен экспорттаушылары одағының президенті (келісім бойынша)

Қазақстан кәсіпкерлері форумының президенті (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК